

Мүлік салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы Нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясы 21 маусым 1995 ж. N 150. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 30 маусымда тіркелді. Тіркеу N 71. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

3. "Мүлік салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" N 38 Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 150 V950071_ бұйрығы. -----

Қазақстан Республикасы

Министрінің бұйрығымен
бекітілген
21 маусым 1995 ж. N 150
Нұсқаулық N 38

Ескерту. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Жарлығы" деген сөздер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заңы" деген сөздермен ауыстырылды, "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.04. N 929 бұйрығымен. V990902_

I. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңына сәйкес заңды және жеке тұлғалардың мүлік салығын есептеу мен төлеудің мынадай тәртібі белгіленеді.

Қазақстан аумағында меншік иесі, меншікті сенім білдіріп басқару, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы салық салу объектілері б а р :

а) заңды тұлғалар (соның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде шетел капиталының қатысуымен;

б) кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмайтын салық салу объектілері (мүлкі) бойынша жеке тұлғалар мүлік салығын төлеушілер болып табылады.

Ескерту. 1-тармақтың а)-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990785_ бұйрығымен.

1-1. Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген мүлікке қажеттілік нормативтері шегінде бірыңғай жер салығын төлеушілер мүлік салығын төлеушіге жатпайды. Жоғарыда белгіленген салық қажеттілігі нормативтері мүлік бойынша осы нұсқауға сәйкес жалпы белгіленген тәртіпте төленеді.

2. Салық салу объектілері мыналар болып табылады:

1) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың транспорт құралдарына салық салынатын транспорт құралдарынан басқа амортизацияланатын қаражаттарының қалдық құны.

Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың амортизацияланатын қаражаттары болып негізгі қаражаттар мен материалды емес қаражаттары табылады.

Негізгі қаражаттар - материалдық өндіріс саласында да, өндірістік емес

салада да қызмет ету мерзімі бір жылдан артық материалды қаражаттар.

Материалды емес қаражаттар - материалдық нысандары жоқ, физикалық қасиеттер иеленбейтін, бірақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғаларға немесе жеке тұлғаларға ұзақ уақыт ішінде (бір жылдан артық) кіріс алуға мүмкіндік қамтамасыз ететін объектілер. Материалды емес қаражаттарға табиғи ресурстарды, жерлерді, патенттерді, лицензияларды, " ноу-хау", "фирманың құны" (гудвилл), интеллектуалды меншікті, сауда маркаларын, тауар белгілерін, бағдарламамен қамтамасыз етуді және басқаларды п а й д а л а н у қ ұ қ ы ғы ж а т а д ы .

Амортизацияланатын қаражаттарға уақытша жер пайдалану құқығы (жер учаскесі) және өзге де табиғат пайдалану объектілері (су, жер қойнауы және басқа да табиғи ресурстар), сондай-ақ тауарлы-материалдық запастар, бағалы қ а ғ а з д а р ж а т п а й д ы .

2) жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмайтын азаматтардың жеке пайдалануындағы, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрғын үй-жайларының, саяжай құрылыстарының, гараждарының, өзге де құрылыстарының, ғимараттарының, үй-жайларының құны.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен V970059_ .

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980552_ бұйрығымен.

Ескерту. 2-тармақтың 1)-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990785_ б ұ й р ы ғы м е н .

Ескерту. 2-тармақтың 1)-тармақшасының төртінші абзацы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.04. N 929 б ұ й р ы ғы м е н . V 9 9 0 9 0 2 _

3. Мүлік салығы жергілікті бюджеттердің кірісіне енгізіледі, бұл жағдайда төленген салықтың сомасы салық салынатын табысты анықтаған кезде ш е г е р і л у г е ж а т а д ы .

І І . С а л ы қ с т а в к а л а р ы

4. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері мен жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық осы нұсқаудың V бөлімінде белгіленген тәртіппен амортизацияланатын қаражаттар құнынан 1 процент ставка бойынша жыл сайын төленеді.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990785_

бұйрығымен.

Ескерту. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.08.04. N 929 бұйрығымен.

V990902_

5. Жеке тұлғалардың мүліктеріне салынатын салық, кәсіпкерлік қызметте қолданылмайды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті органы анықтаған жылжымайтын мүлік құны мынадай ставкалар бойынша жыл сайын төленеді:

- 1) 1000000 теңгеге дейін жылжымайтын мүлік құнының 0,1 проценті;
- 2) 1000000-нан 2000000 1000000 теңгенің жылжымайтын теңгеге дейін мүлік құны салығының сомасы + одан асатын соманың 0,15%;
- 3) 2000000-нан 3000000 2000000 теңгенің жылжымайтын теңгеге дейін мүлік құны салығының сомасы + одан асатын соманың 0,2%;
- 4) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 3 000 000 теңгеден 4 000 000 теңгеге дейін одан асатын 3 000 000 теңге + сомадан 0,3 процент;
- 5) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 4 000 000 теңгеден 5 000 000 теңгеге дейін 4 000 000 теңге + одан асатын сомадан 0,4 процент
- 6) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 5 000 000 теңгеден 6 000 000 теңгеге дейін 5 000 000 теңге + одан асатын сомадан 0,5 процент
- 7) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 6 000 000 теңгеден 7 000 000 теңгеге дейін

- 6 000 000 теңге + одан асатын сомадан 0,6 процент
- 8) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 7 000 000 теңгеден 8 000 000 теңгеге дейін
- 7 000 000 теңге + одан асатын сомадан 0,7 процент
- 9) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 8 000 000 теңгеден 9 000 000 теңгеге дейін
- 8 000 000 теңге + одан асатын сомадан 0,8 процент
- 10) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 9 000 000 теңгеден 10 000 000 теңгеге дейін
- 9 000 000 теңге+ одан асатын сомадан 0,9 процент
- 11) салық сомасы жылжымайтын мүлік құнынан 10 000 000 теңгеден және жоғары 10 000 000 теңге + одан асатын сомадан 1 процент.

Коммерциялық емес, бюджеттік ұйымдар немесе жеке тұлғалар мүлкінің бір бөлігін кәсіпкерлік қызмет мақсатына пайдаланған жағдайда осы бөлікке салық 1 процент ставка бойынша төленеді.

Мысалы: 1. Бюджет есебінен ұсталатын мектеп, аурухана немесе балабақша бір немесе бірнеше үй-жайын кәсіпкерлік қызмет мақсатына жалға берді. Осы үй-жай үшін бюджетке 1 % ставка бойынша салық төленуі тиіс.

2. Жеке тұлға өзінің тұрғылықты тұратын орны болып табылатын тұрғын үйінің бір бөлігін жалға берді. Кәсіпкерлік қызмет мақсатына берілген үй-жайдың бөлігі үшін 1 % ставка бойынша салық төлейді.

ЕСКЕРТУ. II-тарау өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.24. N 19 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 4)-тармақшасы өзгертілді және 5)-11)-тармақшаларымен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

III. Жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмайтын мүлкіне салынатын салықты есептеу мен төлеу тәртібі

6. Салық Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті органның анықтаған баға негізінде есептеледі.

Жеке тұлғалардың жеке пайдалануындағы мүлікке салынатын салықты есептеуді салық салынатын объектілер орналасқан жердегі салық органдары жүргізеді.

Егер салық салынатын кезеңінде салық салынатын құрылыстардың, ғимараттардың және үйлердің бағасы құжат бойынша белгілеу мүмкін болмаса, онда салық органдары жылжымайтын мүлікті бағалау және тіркеу бойынша органдарда бар ұқсас құрылыстардың бағаларынан шыға отырып анықтайды.

Салықты есептеу салық жылының 1 қаңтардағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлік бағасынан шыға отырып жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.24. N 19 бұйрығымен.

7. Аумақтық салық органдары ағымдағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей:

- жылжымайтын мүлікті бағалау және тіркеу жөніндегі тұрғылықты тұратын орнын жеке меншік құқығымен оларға тиесілі пәтерлердің (тұрғын үйлердің), гараждардың құнын бағалауды көрсете отырып азаматтардың тізімін;

- бау-бақша серіктестіктерінің басқармаларынан меншік иесінің аты-жөнін, әкесінің атын, фамилиясын, тұрақты тұрғылықты жерін (мекен-жайын) және құрылыс, ғимарат және үй-жай құнын бағалауды көрсете отырып бау-бақша серіктестіктерінің (қоғамдарының) аумағында жеке меншігінде құрылыстары, ғимараттары және үй-жайлары бар азаматтардың тізімдерін алуы тиіс.

Қозғалмайтын мүлікті бағалау және тіркеу жөніндегі басқармалар, бау-бақша серіктестіктері (қоғамдар) жыл сайын 15 сәуірдегі жағдай бойынша жоғарыда аталған мәліметтерді нақтылайды және болған өзгерістер жөнінде салық органдарына хабарлайды.

Мәліметтер нысаны осы нұсқаулыққа тіркелген N 1 қосымшада келтірілген.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.24. N 19 бұйрығымен.

Ескерту. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990785_ бұйрығымен.

8. Бау-бақша серіктестігі (қоғамы) бір ауданда орналасып, ал осы серіктестікте (қоғамда) саяжай құрылыс, гаражы және т.б. бар азамат екінші ауданда (қалада) тұрғылықты тұратын жағдайда салық құрылыстар, үй-жайлар, ғимараттар орналасқан жерге төленеді.

9. Құрылыс иесі азамат немесе оның отбасы мүшелері өздеріне тиесілі үй-жайда тұрмайтын жағдайларда салық құрылыс орналасқан жердегі меншік

иесінен, болмаса Қазақстан Республикасы шегіндегі құрылыстарды басқаруға үйдің меншік иесі өкілдік берген адамдардан ұсталады. Егер мұндай адам жоқ, ал үйдің меншік иесі белгісіз болса, белгісіз себептермен осы жерде жоқ деп танылған азаматтарының құрылысына қамқор белгіленеді және мүлік салығын төлеу қамқоршыдан талап етіледі. Аталған төлемдер азаматтардың тиесілі құрылысы қамқор қарауындағы болған реттерде де қамқоршыдан талап етіледі.

10. Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан құрылыс иесі-азамат одан тысқары жерде тұрып жатқан жағдайда салық үй құрылысы орналасқан жер бойынша төленеді.

Мысал: Россия Федерациясында тұратын азаматтың Қазақстан аумағында оған мұрагерлік жолмен қалдырылған үй құрылысы бар. Бұл ретте өз аумағында құрылыс орналасқан аумақтық салық органдарының салық есептейді.

Иесі жоқ немесе иесі анықталмаған және аумақтық салық органдары қожайынсыз ретінде есепке алған құрылыстар үшін салық алынбайды. Бірнеше төлеушінің ортақ үлесті меншігіндегі құрылыстар, ғимараттар мен үйлер үшін салықты осы меншік иелерінің әрқайсысы осы құрылыстардағы, ғимараттар мен үй-жайлардағы олардың үлесіне тең мөлшерде төлейді.

Ескерту. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990785_ бұйрығымен.

11. Құрылыстарды, ғимараттар мен үй-жайларды шарт бойынша кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдар мен азаматтардан (оның ішінде жергілікті әкімшіліктердің қолындағы тұрғын үй қорынан) сатып алған адамдар аталған мүлікті сатып алған сәтінен (тіркелген немесе нотариалды куәландырылған сәтінен) бастап салық төлеушілер болып табылады.

12. Қайтадан салынған құрылыстар, ғимараттар, үй-жайлар бойынша салық оларды салғаннан кейінгі жылдан бастап төленеді.

13. Құрылыстар, ғимараттар мен үй-жайлар бір жыл ішінде бір төлеушіден екіншісіне ауысқан жағдайда салық алғашқы иесіне ол осы мүлікке меншік иесі құқығын жоғалтқан ай басталғанға дейін осы жылдың 1 қаңтарынан, ал жаңа меншік иесінен онда осындай құқық пайда болған айдан бастап табыс етіледі. Төлеушілер өзара келісімге келген жағдайда салық олардың біреуінен алынады.

14. Жыл ішінде жеңілдік пайдалану құқығы пайда болған жағдайда салықты қайта есептеу осы құқық пайда болған айдан бастап жүргізіледі.

15. Құрылыстар жойылған, басқа жерге ауыстырылған немесе толық қиратылған жағдайда салық алу ол жойылған, басқа жерге ауыстырылған немесе қиратылған (құжаттамамен қуатталған кезде) айдан бастап доғарылады.

16. Мұрагерлік бойынша ауысқан құрылыстар, ғимараттар, үй-жайлар үшін

салық мұрагерлік ашылған сәтінен бастап мұраны қабылдаған мұрагерлерден өндіріліп алынады.

17. Жеке тұлғалар кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмайтын мүлік бойынша салықты ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей төлейді. Салық төлеу туралы органдары 1 тамыздан кешіктірмей тапсырылады. Салық салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша төленеді.

Салық салынатын нысандардан тұрған жерлері бойынша салық алынады.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің
1996 ж. 01.22. N 22 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік
салық комитетінің 1997.01.24. N 19 бұйрығымен.

IV. Мүлік салығы жөніндегі жеңілдіктер және
оларды берудің тәртібі

18. Мүлік салығын төлеуден:

1) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын мүлік бойынша мемлекеттік мекемелер мен коммерциялық емес ұйымдар;

2) өндірістік мақсатта және әлеуметтік салада пайдаланылатын мүлік бойынша - Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Ақыл-есі мен дене бітімінің кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбек ету қабілетін қалыптастыру орталығы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және олардың қаражаты есебінен салынған өндірістік кәсіпорындар, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы (к ә с і п о р ы н д а р с ы з) ;

2-1) қызметінің негізгі түрі ғылым мен кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау (қызмет көрсетулер) болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

2-2) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестациялау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын;

2-3) қызметінің негізгі түрі театрлық-көріністік және (немесе) концерттік шараларды жүзеге асыру, тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау жөнінде, балаларды, қарттарды, мүгедектерді әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік

камтамасыз ету саласында, спорт саласында қызмет көрсету болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

3) Қазақстанның Ұлттық банкі негізгі қызметіне пайдаланылатын мүлкі

бойынша;

4) Ұйымдар жедел басшылық құқығында олардың қолында бар жалпы пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдары мен олардағы жол ғимараттары бойынша осындай нысандар кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмаған жағдайда. Мемлекеттік автомобиль жолдары мен құрылыстарының құрамындағы оларға мынадай нысандар енгізіледі:

- жол алқабы;
- жылдың конструктивтік элементтері;
- жолдардың жағдайы және орналастыру;
- көпірлер;
- жол өткелдер;
- виадуктер;
- көлік шешілімі;
- тоннелдер;
- қорғағыш галереялар;
- жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыстар мен қондырғылар;
- су алқабы және су өткізетін құрылыстар;
- жол бойындағы орман алқабы;
- тораптық тұрғын үйлер.

5) инвестиция бойынша өкілетті органдармен келісім-шартқа сәйкес салық төлеушіге келісім-шарт жасалған сәттен бастап 5 жылға дейінгі мерзімге жер салығын төлеуден босатуға рұқсат беруі мүмкін.

Мүлікке салық бойынша жеңілдіктер берудің нақты мерзімдері әрбір салық төлеуші бойынша келісім-шартта және негізгі капитал мен экономиканың басым секторына инвестициялар көлеміне қарай белгіленеді.

Келісім-шарт бойынша инвестициялар бойынша уәкіл органмен жасалынған стандарттық жеңілдіктерді беруде стандарттық жеңілдіктерді анықтау базасы болып жаңа немесе қосымша сатып алынған амортизацияланған қаражаттардың

транспорт құралдарына салық салынатын транспорт құралдарынан басқа құны
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Салық төлеуші стандартты салық жеңілдігін алуда міндетті түрде өзі тіркелген салық органы орнына бухгалтерлік баланс қосымшасымен, жағдайына қарай келісім-шарт жасасқан күнді амортизацияланған қаражат бойынша таратып жазылған қосымшасымен, инвестиция бойынша уәкіл органмен жасалынған келісім-шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесін беру
к е р е к .

Аталған жеңілдік берілген келісім-шарт бұзылған жағдайда мүлікке салық салу салық төлеушінің бүкіл қызметі кезеңінде Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген тиісті айыппұл санкцияларын қолдана отырып бюджетке есептелуге және енгізілуге жатады, яғни мерзімі өткен әр күн үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 есе ставкасы мөлшерінде өсім есептеле отырып мүлікке салынатын салық
с о м а с ы ө н д і р і п а л ы н а д ы .

б) түзетілген мекемелер, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқарушы жүйесіндегі еңбекпен түзеу республикалық мемлекеттік
к ә с і п о р н ы ;

7) медициналық көмек (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) және (немесе) сондай қызметтен түсетін кірісі жылдық жиынтық кіріс көлемінің кемінде 50 процентін құрайтын жағдайда, сол қызмет түрлерін жүргізуге құқы бар лицензия бойынша мектепке дейінгі балалар, орта, арнаулы орта және жоғары білім беру саласындағы білім беру қызметтерін көрсетуге байланысты қызметті жүзеге асыратын ұйымдар.

8) "Байқоңыр" кешенінің объектілері болып табылатын көлік құралдары бойынша "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлік базасында құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 4-тармақшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 22 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді, 5-тармақшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.24. N 19 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ б)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.04.21. N 79 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақтың 3-тармақшасы өзгертілді - ҚР Қаржы

министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1998.07.10. N 62

V980552_

бұйрығымен.

Ескерту. 18-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік
кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990785_

бұйрығымен.

Ескерту. 18-тармақтың 5)-тармақшасының бірінші абзацы жаңа
редакцияда, екінші, үшінші абзацтар алынып тасталды
және төртінші абзац өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрлігінің 1999.08.04. N 929 бұйрығымен.

V990902_

Ескерту. 18-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік
Кіріс Министрлігі 1999 жылғы 24 желтоқсандағы N 1587
бұйрығымен.

V991042_

19. Мына санаттағы азаматтардың мүлкі бойынша 1000 айлық есептеу
көрсеткіштерінің мөлшерін де салық салынбайтын ең төменгі деңгейі белгіленеді
:

1) Кеңестер Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне, Ұлы Отан
соғысына қатысушылар мен соларға теңестірілген адамдарға, "Халық Қаһарманы
" атағына ие болған, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен
на г р а д т а л ф а н а д а м д а р ғ а ;

Кеңестер Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ері кітапшасы Кеңестер Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне жеңілдіктер беруге негіз болады, майдандағы армияның құрамына кірген әскери бөлімдерінде, штабтар мен мекемелерде қызмет атқарған әскери қызметшілер және бұрынғы партизандар қатарында болған Ұлы отан соғысына, КСРО-ны қорғау жөніндегі басқа да соғыс операциясына қатысушыларға жеңілдіктер "Соғысқа қатысушының куәлігі", интернационалист жауынгерлерге - "Жеңілдік алуға құқығы туралы куәлік" негізінде беріледі.

"Халық қаһарманы" атағына ие болған, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен наградталған азаматтар үшін жеңілдік орден кітапханасы немесе әскери комиссариаттың анықтамасы негізінде беріледі.

2) "Алтын алқа" және "Ардақты ана" атағына ие болған көп балалы

аналарға Жеңілдік "Алтын алқа" және "Ардақты ана" куәліктері негізінде беріледі.

3) I және II топтағы мүгедектерге;

Жеңілдік дәрігерлік-еңбек сараптамалық комиссияның анықтамасы негізінде беріледі.

4) Жеке тұратын зейнеткерлерге;

Жеңілдік зейнеткер куәлігі және еңбекке жарамды отбасы мүшелерінен олардың бөлек тұру фактісі негізінде беріледі.

Мүлік салығы жөніндегі жеңілдіктер меншік иесі, меншікті сенім білдіріп басқару, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы салық объектілері бар адамдардың жоғарыда саналмаған санатына беріледі.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің
1996.01.22. N 22 бұйрығымен.

Ескерту. 19-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.03. N 310

V990785_

бұйрығымен.

19-1. Әскери қызметшілер кәсіпкерлік қызметте пайдаланбайтын мүлкі үшін мүлікке төленетін салықтан босатылады.

Ескерту. Нұсқаулық 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс

V990785_

бұйрығымен.

20. 18-тармақтың 1)-7)-тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалар мүлікті пайдалануға немесе жалға бергенде мүлік салығын төлеуден босатылмайды.

ЕСКЕРТУ. 20 жаңа тармақпен толықтырылды, 20-27-тармақтар тиісінше 21-28-тармақтар болып саналды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

Ескерту. 20-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990785_

бұйрығымен.

V. Заңды тұлғалармен және жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын мүлкіне салынатын салықты есептеу мен төлеудің тәртібі

21. Белгіленген мерзімде төленуі тиіс мүлік салығының ағымдағы төлемдері сомасын салық төлеуші бухгалтерлік есеп бойынша айқындалған жыл басындағы амортизацияға жатқызылатын қалдық құнның 1 проценті мөлшерінде салық ставкасын қолдану жолымен дербес белгілейді.

Заңды тұлғалар (соның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар мүлік құнынан 1 процент ставка бойынша есептелетін ағымдағы салық сомасын төлеуді салық жылының 20 ақпан, 20 мамыр, 20 тамыз, 20 қарашасында тең үлестермен жүргізеді.

Белгіленген мерзімде төленуі тиіс мүлік салығының ағымдағы сомасын айқындау салықтың жыл бойынша есептелген сомасын 4-ке бөлу арқылы жүргізіледі.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғаны құру және қайта ұйымдастыру кезінде жаңадан құрылған заңды тұлғаның тіркелген сәті салық жылының басы болып саналады.

Заңды тұлғалар (соның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері белгіленген мерзімде төленуі тиіс ағымдағы төлемдер бойынша есептеулерді 3 қосымшаға сәйкес салық органына 20 ақпанға дейін тапсыруы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1996.01.22. N 22 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980552_ бұйрығымен.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990785_ бұйрығымен.

22. Салық төлеушілер жыл біткеннен кейін өздері тұратын жері бойынша салық комитеттеріне осы нұсқаудың 2-қосымшасымен белгіленген үлгідегі декларацияны есепті кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсырады. Салық жылы есепті кезең болып табылады.

Салық салынатын амортизацияланған қаражаттардан орташа жылдық қалдық құн бухгалтерлік есеп бойынша белгіленген, есепті салық жылының әр айының бірінші күні және содан кейінгі жылдың бірінші күнінде, сондай қаражаттардың қалдық құнын қосу кезінде алынған он үштен бір сома ретінде есептеледі.

Егер есепті кезеңнің ұзақтығы бір жылдан аз болса, осы салық кезеңі бойынша амортизацияланатын қаражаттардың орташа қалдық құны ол қаражаттардың есепті кезеңде басталатын әр айдың бірі күніне және есепті кезеңнен кейінгі айдың бірі күніне қалдық құнын қосу арқылы алынған сол сомада қосылғандардың санына бөлінген сомаға тең етіп алынады.

Есепті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша есептелетін нақты тиісті салықты төлеу немесе артық төленген соманы қайтару есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуіріне жүргізіледі.

Мүлікке артық енгізілген салық сомасы:

- салық төлеушінің басқа салықтарды төлеу есебіне жатқызылады;
- салық төлеушінің келісімі болса, алдағы төлемдер бойынша міндеттемелер есебіне жатқызылады;

- төлеушінің жазбаша өтініші бойынша 20 күн мерзімде қайтарылады.

Заңды тұлғалар (соның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары,

өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар сол мүлік кіріс әкелетініне, не әкелмейтініне қарамастан мүлікке салық төлеуден босатылмайды. Салық салық салу объектілері тұрған жер бойынша төленеді.

Салық салу объектілері басқа облыстар (немесе аудандар) аумағында орналасқан, таралған филиалдар желісі бар заңды тұлғалар (соның ішінде резидент еместер) немесе өкілдіктер (заңды тұлға құрмай) тиісті салық сомаларын төлеуді объектілер орналасқан жерде жүргізеді.

Мұның өзінде заңды тұлғаның филиалдары, өкілдіктері және өзге де құрылымдық бөлімшелері ағымдағы төлемдер жөніндегі есеп айырысу мен мүлікке салық жөніндегі декларацияны орналасқан жердегі салық комитетіне ал, көшірмесін заңды тұлғаның бас ұйымына тапсырады.

Жылдың аяғында заңды тұлға филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің декларациялары негізінде құрылымдық бөлімшелер бөлігінде, есептелген және төленген салық сомалары бойынша жиынтық тізілім құрайды және осы салық бойынша декларацияны орналасқан жеріндегі салық комитетіне тапсырады.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ 2-ші абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.24. N 19 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980552_ бұйрығымен.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990785_ бұйрығымен.

VI. Мүлікке салынатын салықты анықтау және салық салуды қайта қарау тәртібі

23. Жеңілдік алу құқығы пайда болуына және басқа себептерге байланысты салық төлеушінің өтініші бойынша бұрын есептелген сома төмендетілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда салық салу ставкасын қайта қарауға немесе жыл басында төлеушінің жеңілдік алу құқығы пайда болуына байланысты ағымдағы жылға есептелген сома төмендеген кезде кемітілуге тиісті мүлік салығының сомасы барлық төлеу мерзімі бойынша тең үлестермен алынып тасталады. Егер өткен мерзім бойынша салық сомасы төмендеген күнге қарай толық төленген болса, осы мерзімге дөп келетін сома төлеудің кезекті мерзімінен шығарып тасталады.

24. Осы мерзім бойынша төленген өсім алғашқы кеміген төлем сомасындай үлеске кемітіледі, ал артық төленген өсім кезекті мерзім бойынша төлемді өтеуге

е с е п к е

а л ы н а д ы .

25. Бастапқы есептелген сомасы төмендеген күнге барлық төлеу мерзімі өтіп кеткен, салық толық төленген ретте артық төлем төлеушіге қайтарылады, ал басқа салықтар бойынша төлеушінің берешегі болған жағдайда осы берешекті ө т е у г е е с е п т е л е д і .

26. Мүлікке салынатын салықты есептеген кезде әрбір төлемнің жалпы

сомасы теңгеге дейін дөңгелектенеді: 50 тиыннан кем сома есепке алынбайды, ал 50 тиын және одан асқаны бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

VII. Мүлік салығын төлеушілердің жауапкершілігі

27. Салық төлеушілер мүлікке салынатын салықтың тиесілі сомасын төлемеген (оның ішінде белгіленген мерзімде) жағдайларда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді. Уақытылы төленбеген салық сомасы мерзімі өткен әр күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 есе мөлшерінде өсім есептеліп, өндіріп алынады.

VIII. Салық төлеуге бақылау жасау және бұзушыға қолданылатын санкциялар

28. Мүлікке салынатын салықты есептеу мен аударуға бақылау жасауды Қазақстан Республикасы жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 28-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.01.24. N 19 бұйрығымен.

Мемлекеттік салық комитетінің бастығы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік салық комитетінің
1995 жылғы 21 маусым N 150
нұсқаулығына N 1 қосымша

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің
1997.01.24. N 19 бұйрығымен.

Ескерту. 1-қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.03. N 310

V990785_

бұйрығымен.

Меншігінде құрылыстары, ғимараттары және үй-жайлары
бар азаматтар туралы

МӘЛІМЕТ

1995 жылдың жағдайы бойынша

Ұйымның аты _____

Орналасқан мекен-жайы _____

Телефон _____

NN:Аты-жөні, фамилиясы|Тұрғылықты |Құрылыс ор.|Құрылыс.|Құры|Салын.

|тұратын орны|наласқан |тың мақ.|лыс |ған

|ның мекен- |жердің ме. |саты |құны|жылы

|жайы |кен-жайы | | және

| | | | айы

Төрағасы

аудандық (қалалық)

салық комитетінің

Заңды тұлғаның мөртабаны

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Бас салық инспекциясының

1995 жылғы 21 маусымдағы
38 нұсқауына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда жазылған - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрлігінің 1999.08.04. N 929 бұйрығымен.

V990902_

Мүлікке салық жөніндегі
декларация

Кәсіпорын _____
бірлестік, ұйым (банк)
мөртабаны _____
(банк шоттары)

СТТН _____ бойынша
(салық төлеушінің мекен-жайы) (төлеушінің атауы*)

телефон _____

N
р/с

Көрсеткіш

1

2

1 Жылдың басындағы амортизацияланған қаражаттардан қалған құн
2 Амортизацияланған қаражаттардан түскен құн

- 3 Амортизацияланған қаражаттардан шығып қалған құн
- 4 Салық жылы үшін амортизацияланған қаражаттарға есептелген, амортизацияланғандардың аударылған сомасы
- 5 Жылдың аяғындағы амортизацияланған қаражаттардың құны
- 6 Салықты есептеу кезінде алынған амортизацияланған қаражаттардан қалған орташа жылдық құн
- 7 Салық ставкасы
- 8 Салық сомасы
- 9 Ағымдағы төлем есебі бойынша есептелді
- 10 Қосып есептеуге
- 11 Кемітуге
- 12 Салық жылы үшін ағымдағы төленген төлемдер
- 13 Мерзім бойынша төлеуге жатады
- 14 Кемітуге

таблицаның жалғасы

| Төлеушінің мәліметі бойынша | Стандартты жеңілдіктері бар төлеушінің мәліметі бойынша |
|-----------------------------|---|
| 3 | 4 |

Салық төлеушінің заң алдындағы жауапкершілігі

Біз осы декларацияда көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен шындығы үшін заң алдында жауап береміз.

Басшы _____
(аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтер _____
(аты-жөні) (қолы)

_____ күні МО

Декларация жасау бойынша қызмет көрсеткен аудитор

(аты-жөні, СТТН)

(қолы)

МО

Салық органының басшысы _____

(аты-жөні) (қолы)

Бөлім бастығы _____

(аты-жөні) (қолы)

* Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғаның (соның ішінде резидент емес), филиалдың, өкілдіктің атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Салық комитетінің
1997 жылғы 29 желтоқсандағы
N 38 нұсқаулығына
3 - қосымша

ЕСКЕРТУ. Нұсқаулық 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі

Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980552_

бұйрығымен.

Ескерту. 3-қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990785_

бұйрығымен.

Мүлік салығы бойынша
ағымдағы төлемдердің
есебі

_____ ЖЫЛҒЫ _____

бойынша

(төлеушінің атауы)

СТТН -----

|||||||

Мекен-жайы _____

Телефоны _____

| N | | Салық | |
|-----|--------------|------------|--|
| р/р | Көрсеткіштер | төлеушінің | |
| | | мәліметі | |
| | | бойынша | |

| 1 | 2 | 3 | |
|---|---|---|--|
|---|---|---|--|

| | | |
|----|---|--|
| 1. | Жыл басындағы амортизацияланған қаражаттардың | |
| | қалдық құны | |

| | | |
|----|----------------|--|
| 2. | Салық ставкасы | |
|----|----------------|--|

| | | |
|----|------------------------------|--|
| 3. | Салық сомасы (1-жол x 2-жол) | |
|----|------------------------------|--|

| | | |
|----|----------------------------------|--|
| | | |
| 4. | Мерзім бойынша төлеуге: 20 ақпан | |
| | | |
| | 20 мамыр | |
| | | |
| | 20 тамыз | |
| | | |
| | 20 қараша | |
| | | |

МО

Заңды тұлғаның (филиалдың,
өкілдіктің, жеке тұлғаның,
кәсіпкерлік қызметпен
айналысатындардың

Салық комитетінің
басшысы

Бас бухгалтер

Бөлім бастығы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Әдістемелік Кеңесінде
келісілген

1998 жылғы "___" _____ N _____ хаттама

Оқыған:

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК